

**Қазақстан Республикасы Үкіметінің 23.04.1997 ж. "Қазақстан Республикасында тұратын немістерді этникалық жағынан қайтадан өркендетудің қосымша шаралары туралы" N 639 қаулысын жүзеге асыру туралы**

### *Күшін жойған*

Солтүстік Қазақстан облысы әкімінің шешімі 1998 жылғы 30 қаңтардағы N 24 Солтүстік Қазақстан облысының Әділет басқармасында 1998 жылғы 27 мамырда N 11 тіркелді

**Ескерту. Күші жойылды - Солтүстік Қазақстан облысы әкімінің 21.08.2014 N 26 шешімімен.**

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 23.04.1997 ж. "Қазақстан Республикасында тұратын немістерді этникалық жағынан қайтадан өркендетудің қосымша шаралары туралы" N 639 P970639\_ қаулысына сәйкес облыс әкімі **ШЕШІМ ШЫҒАРДЫ:**

1. Солтүстік Қазақстан облысында тұратын немістерді этникалық жағынан қайтадан өркендетудің қосымша шаралары қосымшаға сәйкес бекітілсін.
2. Қалалар мен аудан және селолық округтердің әкімдері, облыстық департаменттердің, бөлімдердің, басқармалардың және ведомство басшылары көздеген шараларды орындау жөнінде практикалық жұмыстар ұйымдастырсын, неміс тұрғындарының өзіндік проблемаларын айқындау мен шешуге, олардың мұқтаждары мен талаптарын қанағаттандыруға бағыттасын.
3. "Солтүстік Қазақстан", "Северный Казахстан" облыстық газеттерінің редакциялары, Солтүстік Қазақстан телерадиокомпаниясы бұқаралық ақпарат құралдарында неміс тұрғындарының әлеуметтік және ұлттық-мәдени сұраныстарын кеңейте ашып көрсетсін.
4. Облыс әкімшілігінің 28.06.1994 жылғы "Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің "Қазақстан Республикасында тұратын немістердің этникалық қайтадан өркендеуінің кешенді бағдарламасы туралы" N 221 қаулысы күшін жойды деп саналсын.
5. Осы шешімнің орындалу барысы туралы 1998-ші және 1999-шы жылдардың 1 желтоқсанына дейін облыс әкімінің аппаратына ақпараттар берілсін.
6. Осы шешімді жүзеге асыруды бақылауға алу облыс әкімінің орынбасары В.П. Никандровқа жүктелсін.

РҚАО-ның ескертуі: қосымшаны орыс мәтіннен қараңыз.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК